

Талғар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 маусымдағы "Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 28-155 "Талғар аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" және 2014 жылғы 06 мамырдағы № 32-176 "Талғар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" № 28-155 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" №5-25 шешімі

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 маусымдағы № 5-25 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәірдегі Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы "Талғар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" № 28-155 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 20 наурызында № 2621 тіркелген, аудандық "Талғар" газетінде 2014 жылдың 04 сәуірінде № 14 (4101) жарияланған) шешімінің;

2. Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 06 мамырдағы "Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы "Талғар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" № 28-155 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" № 32-176 ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 20 мамырында № 2726 тіркелген, аудандық "Талғар" газетінде 2014 жылдың 30 мамырында № 22 (4109) жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

Қ. Түргенбаев

Ж. Еңкебайұлы